

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Әулиекөл ауылы әкімінің 2024 жылғы 15 қаңтардағы № 4 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және 2023 жылғы 19 қазандағы № 25 Әулиекөл ауданы жер участкерлерін беру жөніндегі комиссияның отырыс хаттамасынан үзінді көшірмесінің негізінде Әулиекөл ауылының әкімі ШЕШТІ :

1. "Қазақтелеком" Акционерлік қоғамына "Қостанай облысы, В2G сегменті үшін ТОБЖ құрылсы" объектісі бойынша талшықты-оптикалық байланыс желісін төсөу, қызмет көрсету және пайдалану үшін жалпы ауданы 0,3944 гектар Әулиекөл ауылы, Кустанайская көшесі аумағында орналасқан жер участкесіне қоғамдық сервитут белгіленсін.

2. "Әулиекөл ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін "Әулиекөл ауылы әкімінің аппараты" ММ интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

P. Едресов